

В АО «НК «ҚТЖ» ПРОВОДИТСЯ ПЛАНОМЕРНАЯ РАБОТА ПО ОБНОВЛЕНИЮ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА. ИЗНОС СОСТАВЛЯЕТ ПОРЯДКА 60 ПРОЦЕНТОВ. ПРОЕКТ ПО ПРОИЗВОДСТВУ ПАССАЖИРСКИХ ВАГОНОВ НАМ ВАЖЕН ОСОБЕННО ЗА СЧЕТ ЛОКАЛИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ.



Алихан СМАИЛОВ,
Премьер-министр РК



№23 (2738)
01/04/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



НОВЫЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ

Первый контейнерный поезд АО «Кедентранссервис», сформированный из 54 вагонов, отправился в Китай. Маршрут нового направления: Павлодар-Южный – Достык – Ланьчжоу. Его запуск позволил аграриям Павлодарского Прииртышья значительно сэкономить время доставки и логистические расходы.

Мадина ЕЛЕУКЕН,
Павлодар

В торжественной церемонии запуска уникального экспортного канала приняли участие представители дочерней компании АО «НК «ҚТЖ» АО «Кедентранссервис» и Павлодарского отделения ГП. Первый груз – семена подсолнечника, общая масса которого составила более 1 400 тонн, грузополучатели получают уже через семь дней. Раньше сельхозтоваропроизводителям приходилось отправлять его из Алматы, что увеличивало сроки доставки до более двух недель и расходы на транспортировку.

– АО «Кедентранссервис» продолжает развитие сервисов по доставке грузов железнодорожным транспортом и открывает новые экспортные контейнерные маршруты, что позволит увеличить объемы поставок и контейнерооборот в целом, – отметил генеральный директор АО «Кедентранссервис» Арман Султанов.

Филиал АО «Кедентранссервис» по Павлодарской области предоставил услуги погрузочно-разгрузочных работ, транспортно-экспедиционное обслуживание и услуги оперирования фитинговыми платформами. Руководство планирует организацию и отправку контейнерных поездов по этому направлению каждый месяц.

– Павлодарский филиал свыше 20 лет функционирует в регионе, за это время накоплен большой опыт в решении различных транспортных задач и есть постоянные партнеры. Сегодня мы в тесном взаимодействии с ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – Павлодарское отделение ГП, отправляем экспортный груз в КНР, – сказал директор филиала АО «Кедентранссервис» по Павлодарской области Даурен Асанов.

Преимущество отправки контейнерного поезда – отсутствие простоя на сортировочных станциях, не нужно будет формировать его к другим составам. Из Китая он вернется не с порожними контейнерами, а с ки-

тайским грузом, то есть, порожнего маршрута не будет, вагонооборот учтен.

Несмотря на действующие ковидные ограничения со стороны КНР, перевозка грузов в контейнерах сейчас – одна из самых удобных и экономически выгодных для казахстанских экспортеров. К тому же контейнерные поезда способствуют увеличению доли контейнеризации грузовых перевозок. К слову, по новому маршруту свои грузы будут отправлять пока только павлодарские аграрии, так как продукция закрывает все объемы заполнимости контейнеров.

Фото Константина ШЕЛКОВА

ИНВЕСТИЦИОННО-ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ФОРУМ КАЗАХСТАНА



ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевтің қатысуымен өткен Бірінші Ташкент халықаралық инвестициялық форумына қатысып, сөз сөйледі.

Министр өз сөзінде жаһандық экономиканы түбегейлі трансформациялау кезеңінде Орталық Азия елдері экономикаларының даму қарқынын сақтау үшін өңіршілік өзара іс-қимылды нығайту қажет екенін атап өтті. Бірқатар бағыттар бойынша экономикалық кооперация республикалардың инвестициялық тартымдылығын сақтаудың тиімді тәсілі бола алады. Бұл ретте министр жоғары жылдамдықты «Түркістан-Шымкент-Ташкент» жолаушылар теміржол магистралі жобасын мысалға келтіріп, Орталық Азиядағы көлік дәліздерін дамытуға және жаңғыртуға назар аудару қажеттігін айтты.

Министрдің айтуынша, Қазақстанда барынша қолайлы институционалдық және инфрақұрылымдық жағдайлар жасалуда. Атап айтқанда, инвестициялық саясаттың жаңа тұжырымдамасы әзірленіп, инвесторларды қолдаудың жаңа құралы ретінде стратегиялық инвестициялық келісім енгізілді.

«Ташкенттегі форум аясында бизнес өкілдерімен 50-ден астам екіжақты кездесулер өткізді. Оның ішінде «Azia Metall Prof», «Dentafill Kazakhstan», «Orient Ceramic» компаниялары бар. Нәтижесінде қосымша пәсіқтау және іске асыру үшін 10-нан астам жаңа перспективалық жоба айқындалды», – деді министр.

Ұлан ОРАЗ

Үкімет отырысы

ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ ЖӘНЕ ТИІМДІ ЖОБАЛАР

Апта басында өткен Үкімет отырысында белгілі болғандай, биылғы жылдың екі айында жүк тасымалы көлемі өткен жылмен салыстырғанда біршама артқан. Атап айтқанда, теміржол көлігімен тасымалданған жүк көлемі 10% өсіп, 70,8 млн тоннаны құрады. Ал транзиттік жүк тасымалы 20%-ға артып, 4 млн тоннаға жетті. Сонымен қатар, контейнерлік тасымал көрсеткіші 12%-ға ұлғайып, 174,7 мың ЖФЭ болды.

Сұлғұл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев биыл теміржол арқылы жүк тасымалы көлемін 420 млн тоннаға, транзиттік тасымалды 24,5 млн тоннаға және контейнерлер транзитін 1,1 млн ЖФЭ-ге жеткізу міндеті тұрғанын жеткізді. Осы ретте, бүгінде транзиттік жүктердің шамамен 90 пайызы теміржол көлігімен тасымалданатынын атап өтті.

– Жалпы еліміздің транзиттік-көліктік әлеуетін дамытудың негізгі көрсеткіштері «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйверлері» ұлттық жобасында айқындалған. Соған сәйкес 2025 жылға дейін Қазақстанда транзиттік тасымал көлемін 30 млн тоннаға жеткізуіміз керек. Осы мақсатта теміржол инфрақұрылымын салу, жылжымалы құрамды жаңарту, жүктерді контейнерлендіру, балама бағыттар мен халықаралық дәліздерді дамыту бойынша шаралар қабылданып жатыр, – деп атап өтті министр.

Жалпы, теміржол көлігі бойынша «тар» жерлердің өткізу әлеуетін арттыру үшін 2025 жылға дейін үш негізгі инфрақұрылымдық жобаны іске асыру

жоспарланған. Бірінші – Достық-Мойынты. Бұл жобаны іске асыру Қытай мен Еуропа арасындағы транзиттік тасымалдар көлемін, учаскенің өткізу қабілетін 5 есеге дейін ұлғайтып, тасымал жылдамдығын тәулігіне 1500 км дейін арттырады. Екінші – Дарбаза-Мақтаарал. Аталған жоба Орта Азия елдеріне транзиттік қашықтықты қысқартып, қолданыстағы өткізу пункті арқылы Өзбекстанға шығуды қамтамасыз етпек. Үшінші – Алматы станциясының айналма теміржол желісі. Бұл жоба Алматы торабына түсетін жүктемені 30% азайтып, жүктерді жеткізу уақытын 24 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік бермек.

Ведомство басшысы, жылжымалы құрамды жаңарту бойынша да іс-шаралар қарастырылып жатқанын жеткізді. Мәселен, отандық вагон өндірісін қолдау мақсатында өз елімізде шығарылатын вагондарды сатып алуға несие бергенде, вагон операторлары үшін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Осы бағдарлама шеңберінде 3 500 фитингтік платформа және 2000 астам жүк вагоны сатып алынған. Сонымен қатар, биыл «ҚТЖ» ұлттық компаниясы 1 500

жүк вагонын сатып алуды жоспарлап отырған көрінеді. Министрлік жүк тасымалдарын одан әрі дамыту мақсатында отандық электровоздар мен тепловоздарды сатып алғанда, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қолдауды заңнама шеңберіне енгізуді ұсынып отыр екен.

– Қазір әлем елдері жүктерді контейнермен тасымалдауға қарқынды түрде көшіп жатыр. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясымен бірлесіп тасымал нарығына мұқият талдау жүргізді. Экспорттық жүктерді контейнерлеудің болашақ көлемі және контейнерлерге қажеттілік айқындалды. Осыған орай, бастапқы кезеңде 2 млн тонна жүкті контейнерлендіру жоспарланып отыр. Қытаймен шекарадағы карантиндік шектеулерге байланысты еліміздің негізгі кәсіпорындары, Арселор Миттал, ERG, Қазмырыш, Қазхром, Қазминерал және YDD өз жүктерін контейнерлеуге ықылас танытып отыр. Экспорттық тасымалдау үшін «Қазақстан темір жолы», Искомтранс және Fesco көлік компаниялары жеткілікті контейнерлік парк құру мәселесін қарастыруда. Сериялық өндірісті 2022 жылдың желтоқсанында жүзеге асырып, жылына 10 мың контейнерге дейін өндіру жоспарланып отыр. Мәселен, «Қазақстан Инжиниринг», KLMZ «Мэйкер», SMP Group және FESCO отандық зауыттар базасында 20 және 40 футтық контейнерлер, сондай-ақ рундоды болат пен кен жүктеріне арналған контейнерлер өндірісін жолға қою жұмысы жүргізілуде. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» отандық контейнерлерді өндірушілер мен сатып алушылар үшін жеңілдікпен кредит беру тетігін іске қосады, – деді Қайырбай Өскенбаев.

(Жалғасы 2 бетте)

ЗИМА НЕ ПО ПЛАНУ



В конце марта большая часть территории Казахстана оказалась под влиянием северо-западного циклона – снег, метель и сильный порывистый ветер стали причиной закрытия трасс и отмены авиарейсов. И лишь поезда, невзирая на погодные условия, следовали по запланированным маршрутам. В борьбе со стихией работники ҚТЖ вновь продемонстрировали сплоченность и профессионализм.

С 26 по 30 марта для очистки стационарных путей и стрелочных переводов от снега в дневное время привлечались 3 036 монтеров пути, в ночное – 2 490.

Всеми видами техники за неделю осуществлено 111 выездов, при этом очищено 3 842 километра пути и убрано 4 250 кубометров снега.

Для эвакуации оказавшихся в непогоду на трассе Нур-Султан – Ерейментау – Шидерты граждан АО «НК «ҚТЖ» сделало исключение и разрешило остановку поезда для посадки людей со станции Уленты, где ранее составы не останавливались.

29-30 марта выдались особенно «жаркими» – во власти стихии оказались центральные, северо-западные регионы страны и столица. По Ақмолинскому отделению магистральной сети 29-31 марта силами 1 213 работников и 9 единиц спецтехники очищено 627 километров пути и убрано 2 000 кубометров снега, по Костанайскому отделению от снежных заносов освобождено 912,89 километра железнодорожного полотна, по Ақтобинскому – 713.

Любовь РОББА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ЗИМЫ РАБОТНИКИ АО «НК «ҚТЖ» С ПОМОЩЬЮ СПЕЦТЕХНИКИ ОЧИСТИЛИ ОТ СНЕГА СВЫШЕ

80 000 км
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЕЙ

ЗА 2021 ГОД ВПЕРВЫЕ В ИСТОРИИ КОМПАНИИ ОПЕРАТИВНАЯ ИТОГОВАЯ ПРИБЫЛЬ АО «KTJ EXPRESS» СОСТАВИЛА

15,9 млрд тенге

КОЛИЧЕСТВО РЕВАКЦИНИРОВАННЫХ РАБОТНИКОВ АО «НК «ҚТЖ» СОСТАВИЛО БОЛЕЕ

7 400
ЧЕЛОВЕК

«КӨКТЕМГІ ТЕКСЕРУ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМ ШЕЛЕРДІҢ ЖАЗҒЫ МЕЗГІЛГЕ ДАЙЫНДЫҒЫН КӨРСЕТЕДІ, СОНЫҢ БАРЫСЫНДА ШҰҒЫЛ ШЕШІМДЕРДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕНЕР АНЫҚТАЛАДЫ. ОЛАРДЫ ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ ШЕШУ ЖОЛЛАРЫ ДА ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ.»

ЖЕДЕЛ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛГЕН

Жан ПЕРДБЕК,
Шымкент



Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясы өткен жылды төтенше жағдай, өндірістік жарақатсыз аяқтады. Дегенмен, пойыздардың кестеден кешігуіне себеп болған бірқатар ақаулар тіркеліп, оның бәрі дистанциялықтар күшімен жедел қалпына келтірілген.

Манкент станциясының екінші жолында №2536 пойыздың ток қабылдағышы істен шығып, оқиға ауа бағыттамасында түйіспелі сымның ілініп қалуынан орын алған. Салдарынан пойыз бір сағатқа кешігіп келді. Электрмен жабдықтау дистанциясына қарасты байланыс желісінің құрылғылары бойынша 6 жағдай тіркелді. Мәселен, Дарбаза-Жылға өткелінің жұп жолында байланыс желісінің тірек жолы үзіліп, ток қабылдағыштың зақымдануынан №2560 жүк пойызы тоқтап қалған. Орын алған ақауды жою үшін Жылға станциясының электромеханигі Сазановтың басшылығымен құрамында 5 адамды бар бригада оқиға орнына барып, үзілген сымды жалғап, қозғалысты қалпына келтірді.

Ал №86 «Нұр-Сұлтан-Сарыағаш» пойызының артқы ток қабылдағышы сынғаны анықталып, Монтитас-Шанақ өткелінің жұп жолында электр қуаты өшірілген. Дистанция электромонтері Досымбеков пойыздың ақауын жөндеп, қалпына келтірген соң қуат көзі қосылды.

САҒЫЗҒА ВОКЗАЛ САЛЫНА МА?

Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Қызылқоға ауданындағы Сағыз станциясы Мақаттан – 140 км, Атырау қаласынан 300 шақырым қашықта орналасқан. Осыдан тұп-тура 70 жыл бұрын салынған вокзал жаңартуды қажет етеді, әбден тозығы жеткен.

Атырау-Қандыағаш темір жолының құрылысы 1936 жылы басталып, оның Атырау-Сағыз бөлігі 1942 жылы толықтай және тұрақты пайдалануға берілгені белгілі. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, Сағыз теміржол вокзалы 1952 жылы бой көтерген. Жетпіс жылдан бері тек сылау-сырлаумен келе жатқан ғимарат бүгінде тозығы жеткені өз алдына, іші айналымға келмейтін тар, қыста жылуы нашар, асхана, дәретхана және жүк сақтау бөлімі деген атымен жоқ. Ал адам саны жетпіс жылдан бері бірнеше есеге өсті. Сондықтан жаңа ғимарат қажеттігі талас тудырмайды. Бүгінде вокзал «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ иелігінде, алайда, жергілікті әкімдік өз балансына алуды көздеп жүрген жайы бар.

– Жаңа вокзал салу жоспарда бар. Алайда вокзал қазір ҚТЖ иелігінде болғандықтан, жоба жасау мүмкін болмай тұр. Сондықтан біз ұлттық компанияға хат жолдап, жергілікті билік балансына өткізуді сұрадық. Тек содан кейін ғана жобалау-сметалық құжаттаманы жасақтауға кірісеміз, – дейді аудан әкімі Нұрсұлтан Бисембиев.

Біздің білуімізше, өткен жылы Атырау магистральдық желі бөлімшесі Сағыз темір жол вокзалы ғимараты, оның құрылыс ауданы мен жолаушыларға қызмет көрсету сапасын техникалық тексеруден өткізіп, нәтижесінде жаңа вокзал тұрғызу үшін жобалық-сметалық құжаттарын жасақтауға жіберілді делінген. Алайда, вокзал салуды жергілікті әкімдік қолға алатын болған соң ол жұмыс тоқтап қалған сияқты. Жергілікті халық вокзалды кім салса да, тезірек қолға алса дейді. Сағыз – аудандағы халқы ең көп шоғырланған елді мекен. Станция арқылы 30 жұп жүк пойызы, 8 жұп жолаушылар пойызы өтеді. Сондықтан жаңа вокзал Сағызға керек-ақ.

«БОЛАШАҚТЫҢ» ТҮЛЕГІ – ТЕМІРЖОЛДА



«Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасының түлектері Қазақстан темір жолының түрлі салаларында абыройлы еңбек етуде. Солардың бірі Данияр Қабылжанов «Жолаушылар тасымалы» компаниясында маркетинг бойынша бас менеджер болып қызмет етеді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

1992 жылы Ақмола қаласында дүниеге келген Данияр мектепті Алтын белгімен бітірген. Теміржол саласында жоғары білім алу үшін Еуразия ұлттық университетінде Көлікті пайдалану, жол қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру мамандығын алды. Ал 2014 жылы «Болашақ» бағдарламасымен Англияның Сауттемpton қаласына оқуға түседі. Шетелдегі білімін жетілдіріп, 2017 жылы көлік инженериясының магистрі атағын алады. Келесі жылы ұлттық компанияға шақырту алып, міне, бесінші жыл теміржол саласында қызмет етуде. Үнемі ізденіс үстінде жүретін жас маман 2020 жылы компанияның «100 жас есім» жобасына қабылданды. Талантты маман теміржолдың дамуына өз үлесін қосуда. "KTZ Express" компаниясының шетелде кеңесінің ашылу жобасымен,

өндірістік көрсеткіштерді power Vii бағдарламасымен автоматтандырумен айналысып, аталған қоғам басшысының Алғыс хатына ие болды.

– Бытырдан бастап «Жолаушы тасымалы» АҚ-да маркетинг бөлімінің бас менеджері болып еңбек етемін. Қазір жолаушылар тасымалдау нарығын зерттеумен айналысамын. «Жастар» және «Алтын» дисконттық карталары жобаларын енгізуді қолға алдық. Әйелдер вагоны жобасының іске қосуына үлесімді қостым. Bilet.railways.kz сайтының және «Билеты КТЖ» қосымшасының жұмысын жақсартуға тырысып отырмыз. Брендбук дизайны мен идеяларын жүзеге асырдым. «Жолаушыларды қанағаттандыру» деңгейін анықтау әдісін ұсындым. Жолаушылар арасында сауалнама жүргізу, сұранысты, бәсекелес ортаны анықтау секілді жұмыстарда шетелде алған білімімді тәжірибеде қолданудамын, – дейді Данияр.



Оның айтуынша, шетел тілін білу қазіргі жұмыста өте тиімді болып саналады. Данияр ана тіліне қоса орыс және ағылшын тілдерін жақсы меңгерген. Шетелдік компаниялармен әріптестік, өзара іс-шаралар, тәжірибе алмасу барысында тіл білгенінің бәсекелес ортаны анықтау емес. Өз жобаларын ағылшын тілінде қорғап, онлайн өтетін жиындарда аудармашы ролін де атқаратын

кездер болады.

– «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алу – үлкен мүмкіндік. Бұл жерде талпыныс қажет. Болашақ кандидаттың мақсаты болса, меніңше, ол адам өз арманына жетеді. Теміржол саласы техникалық мамандық болғандықтан оған ағылшын тілінен ондай үлкен сұраныс жоқ. Мысалы, мен оқуға түскен кезде, бізден IELTS тестінен 6.0 балды ғана талап ететін. Жолаушылар тасымалы жылдан-жылға дамып келеді. Менің осы саланы дамытуғағы көзқарасым – мүмкіндігінше жолаушылар үшін сервис сапасын арттыру. Бұл дегеніміз – вагондардың сапасын жақсарту, билеттер құнына жеңілдіктер ұсыну және компаниямыздың халықаралық деңгейге көтерілуі, т.т. Сондықтан, қызметімді атқарумен қатар семинар, курс, конференцияларға қатысып, ұдайы білімім мен тәжірибемді арттыруға тырысамын, – дейді ол.

Болашағынан үлкен үміт күттіретін «Болашақтың» түлегі Данияр отбасын да құрып, бүгінде 2 баланың әкесі болып отыр. Жұбайы әуе тасымалы қызметінде жұмыс істейді. Ата-анасы – бірі зауытта еңбек етеді, екіншісі мектепте мұғалім. Қарапайым отбасында өсіп, жақсы тәрбие алған Данияр сияқты дарынды жастар талай биікті бағындырары сөзсіз.

Суретті түсірген автор

ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ ЖӘНЕ ТИІМДІ ЖОБАЛАР

(Соңы. Басы 1 бетте)

Жалпы 22 млн тонна экспорттық жүкті контейнерлерге қайта бағдарлау көзделіп отырған көрінеді. Бұл қосымша 117 мыңға жүк контейнерді қажет етпек. Ал отандық өндірісті жолға қою контейнерлердің жеткілікті паркін қалыптастыруға, тасымалдарды контейнерлеу үлесін 30%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді деп болжауға болады.

Сонымен қатар, Қайырбек Өскенбаев экспорттық және транзиттік жүктерді тасымалдау үшін баламалы бағдарлар мен дәліздер псықталғанын айтты. Жүктерді жеткізудің логистикалық тізбектерінің бұзылуын болдырмау бағытында жедел шаралар қабылданған. «Экспорттық жүктер Латвия порттарына, яғни Лиелпяя, Рига, Вентспилс және Транскаспий халықаралық көлік бағдарына бағытталады. Көлік-логистикалық компаниясына ұқсас Транскаспий бағдары шеңберінде Эзербайжан, Грузия және Түркия елдерімен бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол жеткізілді», – деді ол.

Транскаспий бағдары бойынша жүк тасымалын дамыту мақсатында «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында «Контейнерлік хаб» құру жоспарлануда. Осы жобаны іске асыру үшін сингапурлық PSA International компаниясымен келіссөз жүргізілген. Сонымен қатар, Maersk, MSC және Cosco Shipping сияқты әлемдік контейнерлік операторларының паркін тарту көзделуде. Жеке бизнесті тарта отырып, сауда флотын 4 пароммен толықтыру жоспарлануда. Биыл шамамен 4 млн тонна экспорттық жүкті қайта бағдарлауды ескере отырып, Ақтау және Құрық теңіз порттары арқылы тасымал көлемін 10 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда.

Темір жол инфрақұрылымын және тран-

зиттік әлеуетті дамыту туралы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев баяндады. Бытыр Қазақстан арқылы бір миллион алпыс алты мың контейнер тасымалданды. 2016 жылмен салыстырсақ, бұл 4,3 есе көп. Халықаралық сарапшылардың есебі бойынша Қытай/Оңтүстік Шығыс Азия және Еуропа арасындағы контейнер ағынының 5-8% Қазақстанға тиесілі.

– Негізгі транзиттік дәліз – Қытай-Еуропа-Қытай бағыты. Бұл аралықты Қазақстан, Ресей және Беларусь елдерінің теміржол әкімшіліктерінен құрылым ОЛК ЕРА бірлескен кәсіпорны жүзеге асырады. ҚТЖ Middle дәлізін дамыту үшін Эзербайжан мен Грузияның теміржол әкімшіліктерімен де осындай бірлескен кәсіпорын құру туралы бастама көтерілді. Қазіргі уақытта Орталық Азиядағы көршілерімізбен бірлесіп Оңтүстік дәлізін дамыту бойынша жұмысты жалғастырып жатырмыз. Биылғы әкімдік қорытындысына қарап, біз контейнерлік транзиттік тасымал қарқынын жылдық соңына дейін сақтауға болатынын бағамдап отырмыз, – деді ҚТЖ басшысы.

Бытыр жүк айналымы 239,3 млрд т/км жетті. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғарғы көрсеткіш. Ал, транзит 39,6 млрд т/км немесе 21 млн тоннаны құрады. Транзит өткен жылғы деңгейден 2% көбейді. Жалпы табыс 120,6 млрд теңгеге жетті. Бұл алдыңғы жылы түскен пайдамен салыстырғанда 7,4 есе көп. Осы жылғы ақпанда ҚТЖ қызметкерлерінің орташа жалақысы 273 мың теңге болды. Жалақы деңгейін өткен жылдың осы кезеңімен салыстырсақ 41,5%-ға артты. Пандемияға байланысты әуе және теңіз көлігіндегі іркілістер (теңіз порттарындағы кептелістер) және оның салдарынан туындаған теңіз фрахты баға-

сының қымбаттауы теміржол тасымалына айтарлықтай басымдық берді. Күрделі кезеңде ҚТЖ теміржол тарифтерінің тұрақтылығын сақтап, жүктерді жеткізу мерзімі мен шарттарының орындалуын жоғары деңгейде жүзеге асыра білді.

Үкімет отырысына жетекшілік еткен ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайлов баяндамашылар сөзін қорытындылай келіп, бірқатар тапсырмалар берді.

– Пандемияға және сыртқы саяси жағдайлардың әсеріне қарамастан транзиттік тасымал көлемі өсіп келеді. Жалпы өткен жылы Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымал көлемі 1 млн контейнерден асып, 23 ,8 млн тоннаны құрады. Дегенмен елімізді қуатты логистикалық хабқа айналдыру үшін теміржол инфрақұрылымын одан әрі дамыту қажет. Ол теміржол желілерін жаңғырту және жаңадан салу арқылы іске асырылуы тиіс. Геосаяси және экономикалық жағдай ушығып тұрған қазіргі кезеңде Еуропаға бағытталған транзит көлемі мен жүк тасымалын азайтып алмау үшін тез арада балама маршруттар ашу ісі қолға алынды. Қазіргі кезде жүктерді Эзербайжан мен Грузия арқылы өтетін Транскаспий халықаралық трансшекаралық бағыты мен ТРАСЕКА арқылы жіберу бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Бірлескен кәсіпорындар құру туралы келісімдерге қол жеткізілді. Бұл отандық жүк тасымалдаушылар үшін бірінші тарифтерді белгілеуге мүмкіндіктер береді. Индустрия министрлігіне Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясымен бірге Транскаспий халықаралық трансшекаралық бағытының тұрақты жұмысын және қазақстандық бизнес қауымдастығы үшін бәсекеге қабілетті бірінші тарифтің қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді Үкімет басшысы.

ВАГОН ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДА



Шығыста жүк тасымалын арттыру, жоспарлы шараларды мерзімінен кешіктірмей орындау бойынша бірінші кезекте вагон шаруашылығына қатысты мәселелерді реттеу қажеттілігі туындап отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Алғашқы тоқсанның көрсеткіштеріне сүйенсек, жүк айналымын үзінсіз жүргізу шаралары вагон айналымына тікелей қатысты болып отыр. Мәселен, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда жергілікті жүк айналымын қамтамасыз етудегі қажеттілік орта есеппен алғанда 164 вагонға артқан. Оның өзі – Жаңа-Семей станциясындағы ішінара орын алатын баяу жүк тиеу процестері мен босаған

вагондарды жіберуді кешіктіретін «Жылукоммунаэнерго» ЖШС тәрізді мекемелердің сылбырлығын қоса алғандағы көрсеткіш. Яғни, мамандардың айтуынша, егер жүк станцияларындағы операциялар саны артатын болса, вагон тапшылығы айқын сезілуі мүмкін. Мәселен, өткен бір айдың ішінде Семей өңірінде берілген жоспар бойынша 16740 вагонға жүк тиеу қажет болған болса, нақты іс жүзінде 17002 вагон пайдаланылған. Әрі бұл көрсеткіш ай сайын өсу үстінде...

Жалпы бөлімше бойынша, әсіресе көмір жөнелтуде вагондардың қажеттілігі соңғы уақыттарда біршама өткір сезіліп отыр. – Бір жүк операциясы кезіндегі



уақыт жылдамдатылған. Яғни, аталмыш шараны жүзеге асыруға техникалық жоспар бойынша тәулігіне 22,71 сағат берілсе, оның орындалуы 17,66 сағатқа тең болып отыр. Яғни, процесс барысы 128,6 пайызға жылдамдатылған. Бұл өткен жылдың осы мерзіміндегі көрсеткіштен анағұрлым жоғары болып отыр, – дейді бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімі мамандары.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта транзиттік пойыздарды техникалық станцияларда кідіртпей жөнелту ісі де оң көрініс табууда. Осының барлығы бөлімше бойынша вагон айналымын нақты жоспар аясында жүргізуге мәжбүрлеуде. Яғни, бұл техникалық жылдамдықты реттеу, жергілікті вагон айналымын қайта қарастыру сынды шараларға нақты өзгерістер енгізуді де талап етуде. Дегенмен қазіргі таңда шығыстағы теміржолшылар негізгі күшті босаған вагондарды уақытында жинап алуға, жүк пойыздарын жылдам құрастырып, жолға шығаруға, станциялар басында іркіліс туғызбау үшін транзиттік

пойыздарды кедергісіз өткізуге күш салуда. Мұның барлығы тауар аралықта туындауы мүмкін вагон тапшылығын болдырмауға елеулі септігін тигізеді.

Вагон шаруашылығы бойынша биылғы жылдың алғашқы тоқсанында орын алған кейбір жайттар аса алаңдаушылық туғыза қоймағанымен, семейлік теміржолшылар ондай оқшылықтарды алдағы уақытта болдырмауға күш салуда. Мысалы, өткен жылдың соңында көршілес бөлімшелердің кейбір жылжымалы құрамдарды қабылдауы бірқатар келеңсіздік туғызған.

Вагон тапшылығын болдырмау, жүк пойыздарын жылдам құрастыруда көп мәселе іргелес бөлімшелерге, көмірге тапсырыс берген іргелі жылу орталықтарына да байланысты. Алайда, қазіргі таңда шығыстағы теміржолшылар мен вагон шаруашылығының мамандары ертеңге оптимистік көзқараста, биылғы жылы техникалық көрсеткіштерді арттыруға мүдделі.

Суретті түсірген автор



ОСНОВНЫЕ УСЛОВИЯ



Вопросам охраны труда на станции Алматы-1 уделяется особое внимание. Здесь разработаны мероприятия по совершенствованию условий и охраны труда, обеспечивающие сохранение жизни работников в процессе трудовой деятельности.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

По словам главного инженера станции Алматы-1 Ерлана Куандыкова, систематически обследуется наличие травмоопасных зон и принимаются меры по их ограждению, установке знаков безопасности в целях предупреждения наезда подвижного состава. Обследуются подъездные пути, правильность складирования грузов, наличие габарита, а при выявлении нарушений в установленном порядке запрещается подача и уборка вагонов.

Ежеквартально при проведении повторных инструктажей с работниками станции прорабатываются Правила безопасности на рабочих местах, путей станции, мест перехода через железнодорожные пути.

НАРУШЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ МОГУТ БЫТЬ ВЫЗВАНЫ ПОГОДНЫМИ УСЛОВИЯМИ, ВНЕЗАПНЫМИ ПОВРЕЖДЕНИЯМИ ВНЕШНЕ ИСПРАВНЫХ ЧАСТЕЙ ПУТИ, ПОДВИЖНОГО СОСТАВА, КОНТАКТНОЙ СЕТИ. НО БОЛЬШЕ ВСЕГО ОШИБКАМИ И УПУЩЕНИЯМИ РАБОТНИКОВ, СВЯЗАННЫМИ С ДВИЖЕНИЕМ ПОЕЗДОВ.

электрифицированных участках. При комиссионном месячном осмотре проверяется состояние громкоговорящей парковой связи на станции, ежеквартально проводится контроль освещенности рабочих мест, путей станции, мест перехода через железнодорожные пути.

трудовом процессе, позволяет снизить количество нарушений и уменьшить число несчастных случаев на производстве. Профилактика и дисциплина – основные условия для работника железнодорожного транспорта, – говорит Ерлан Куандыков.

Лица, принятые на работу, в обязательном порядке проходят предварительное обучение с последующим проведением проверки знаний по вопросам безопасности и охраны труда.


Нарушения безопасности могут быть вызваны разными причинами: погодными условиями, внезапными повреждениями внешне исправных частей пути, подвижного состава, контактной сети, моральным старением технических средств. Но больше всего ошибками и упущениями работников, связанных с движением поездов. Как правило, человеческий фактор играет важную роль в обеспечении безопасности. Но даже при неожиданных ситуациях квалифицированные и решительные действия железнодорожников позволяют предотвратить тяжелые последствия.

Как считает руководство станции, браки могут быть полностью исключены при четком соблюдении каждым работником своих должностных обязанностей.

С этой целью на станции проводятся Дни безопасности и охраны труда и внезапные проверки, в том числе ночные, по соблюдению работниками безопасных приемов труда при выполнении технологических процессов, правил техники безопасности и трудовой дисциплины.

Фото автора

СТИХИЯ НЕ ЗАСТАНЕТ ВРАСПЛОХ



10 платформ с бутовым камнем, две платформы с некондиционными шпалами, рельсовые пакеты, крытый вагон с инструментами, цементом, песком подготовили на Кумыстауской дистанции пути (ПЧ-38) на период весеннего паводка. В целом работы в рамках плана по водоборьбе выполнены на 70%, но с каждым днем объемы уже сделанного все больше увеличиваются.

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

– Мы подготовили пять платформ с бутовым камнем, одну платформу с железобетонными шпалами, один крытый вагон с инструментами на станции Кумыстау, – уточнил исполняющий обязанности начальника производственно-технического отдела Кумыстауской дистанции пути Георгий Колмаков. – Еще одно место дислокации противоразмывного поезда – станция Алтай, где стоят пять платформ с бутовым камнем, одна платформа с железобетонными шпалами. На случай ЧС на территории ПЧ-38 подготовлен рельсовый пакет, который, согласно указанию, находится в легко доступном месте. В любой момент, если возникнет нестандартная ситуация, его можно будет погрузить и использовать по назначению.

Помимо этого, для пропуска паводковых вод на территории Кумыстауской дистанции пути полностью вскрыты нагорные канавы, трубы по участку Новоустькаменогорск – Кумыстау, а по участку Алтай – Кумыстау они еще ведутся, потому что здесь за зиму

выпало намного больше снега.

Кумыстауская дистанция пути расположена в гористой местности, поэтому, чтобы обеспечить безопасность движения поездов по ее участкам, работники постоянно в зимне-весенний период проводят профилактический контролируемый спуск лавин. Предприятие заключает договоры с ТОО «Взрывпром» по взрывным работам.

– 10, 15 и 23 марта произвели взрывные работы на перегонах Заводинка – Тургусун, Заводинка – Бухтарма, Тургусун – Алтай. Это 147-й, 161-й, 141-й, 158-й, 166-й и 177-й километры. В общей сложности с горных склонов спустили больше трех тысяч кубометров снежной массы, – рассказал Георгий Колмаков.

Также на 177-м километре провели взрывные работы, чтобы освободить русло реки, дать воде свободно пройти. Было раздроблено 600 метров кубических «ледяного панциря» реки Бухтарма.

Все запланированные работы по спуску лавин закончены, выделенный материал использован, спуск лавин в этом году проходил только в марте, отметили в дистанции пути. Это период, когда снег накопился и



начинает скатываться со склонов гор. Снега было много, высота покрова на некоторых склонах доходила до 135 сантиметров.

Фото автора

ЕДИНЫМ ФРОНТОМ



В Костаное состоялось совещание работников филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» и сотрудников проектного офиса «Qostanai – adaldyq alańy».

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Главной темой встречи стало обсуждение мер и действий, предпринимаемых по предотвращению коррупционных проявлений на железной дороге в рамках реализации государственной антикоррупционной политики.

Открывая совещание, главный специалист превенции департамента Агентства РК по противодействию коррупции по Костанайской области Карина Кистаубаева сообщила, что множество проектов антикоррупционной службы действуют для того, чтобы исключить любые предпосылки для коррупционных проявлений в различных сферах деятельности. По поручению Президента РК, озвученному в Послании народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны», Агентством по противодействию

коррупции была разработана Концепция антикоррупционной политики РК на 2022-2026 годы. За ее реализацию ответственен не только уполномоченный орган, но и субъекты квазигосударственного сектора. Был создан специальный сайт, учтен передовой зарубежный опыт, международные стандарты через призму сильных и слабых сторон. В целом, можно сказать, что подготовленный документ содержит те меры, которые способны при условии их качественной реализации повлиять на искоренение коррупции в нашем обществе.

– Мы нацелены на коренные изменения общественного сознания и осознанному неприятию населением любых форм коррупции, – сказала Карина Кистаубаева.

Другой спикер, руководитель Костанайского филиала Республиканского общественного объединения «Әділдік жолы» Асет Байлин отметил, что основными задачами объеди-

нения и его филиалов являются реализация антикоррупционной политики, продвижение идеологии добропорядочности, вовлечение общественности в противодействие коррупции, устранение причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений. В рамках реализации данных задач проведена разъяснительная работа по вопросам противодействия коррупции и оказана правовая помощь 327 гражданам Костанайской области.

В свою очередь председательствующий на данном совещании, и. о. директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Айбек Казымов сказал, что руководство компании активно проводит работу, направленную на искоренение причин появления коррупции. Во всех трудовых коллективах до работников доводятся нормы антикоррупционного законодательства РК. Ежеквартально представителями Костанайской областной антикоррупционной службы проводятся семинары, лекции по противодействию коррупции.

– Все это положительно влияет на повышение правовой грамотности граждан, дает возможность им и должностным лицам продолжить консолидацию усилий в глобальном движении по оздоровлению человеческих отношений, свободных от невежества и корысти, – отметил он.

ЧЕРЕЗ ВЕСЬ КОНТИНЕНТ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан



Казахстан и Германия продолжают сотрудничество в сфере логистики и развития транспортной отрасли. Участие в видеоконференции приняли 100 представителей правительственных и деловых кругов двух стран.



Открывая совещание, первый заместитель премьер-министра РК Роман Скляр подчеркнул важность партнерства Казахстана и Германии в развитии транспортно-логистического комплекса, а также необходимость укрепления взаимовыгодного сотрудничества и поиска новых путей развития. Германия является первой европейской страной, в которую был направлен контейнерный поезд из Китая транзитом через Казахстан.

В свою очередь, главный управляющий директор Восточного комитета германской экономики Михаэль Хармс дал положительную оценку развитию логистической и транспортной отрасли Казахстана и выразил уверенность в динамичном продолжении работы для увеличения показателей, а также особо подчеркнул надежность сотрудничества с казахстанскими партнерами и приверженность всем достигнутым договоренностям.

– Существует большой потенциал для развития дальнейшего взаимовыгодного сотрудничества. В данном направлении Казахстан является ключевым партнером, – отметил директор NHLA Hamburger Hafen und Logistik AG (Гамбургский порт) Томас Лютге.

Другие участники встречи также уделили особое внимание дальнейшим перспективам стратегического взаимодействия двух стран и реализации совместных проектов.

Фото автора

К НУЛЕВОМУ ТРАВМАТИЗМУ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



В Караганде два проекта по строительству путепроводов получили положительное заключение государственной экспертизы.

Для жителей станции Большая Михайловка это отличная новость, так как они много лет испытывают трудности с переходом через железнодорожное полотно. За последнее время здесь произошла череда несчастных и трагических случаев, когда под колесами поезда оказывались люди всех возрастов – школьники, трудоспособное население, пенсионеры. Достаточно вспомнить один из наиболее резонансных ситуаций, когда в мае прошлого года двоих 14-летних подростков ударило током из-за несоблюдения ими правил безопасности на железнодорожных путях. Один школьник получил сильный удар и потерял сознание, а второй пострадал меньше и сообщил о случившемся взрослым. Потерявший сознание мальчик в крайне тяжелом состоянии поступил в областную детскую клиническую больницу. На протяжении двух месяцев медики боролись за его жизнь. На сегодняшний день школьник перенес 9 операций, из них три пластических. Сейчас ему предстоит долгий реабилитационный процесс.

Стоимость проекта по строительству путепровода на станции Большая Михайловка оценивается в 684 миллиона тенге.

В текущем году также намечается строительство автомобильного путепровода, который будет проходить через железнодорожную станцию Жана-Караганда в Майкудуке по улице Лиговская. Проект оценивается в 4 миллиарда 699 миллионов тенге.

По словам главного ревизора департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмураева, с появлением новых путепроводов сократится количество несчастных случаев, а возможно и будет сведено к нулю.

– Это то, к чему мы стремимся долгое время, – подчеркнул Булатбек Альмураев.

«Теміржолсу» акционерлік қоғамының басшылығы мен ұжымы Темірбекова Мира Советқызына ұлы **Олжас Талғатұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына және жақындарына көңіл айтады.

№ 23 (2738) 01/04/2022

МАШИНИСТ КӨМЕКШІСІ
КІТАП ШЫҒАРДЫ

Балқаш локомотив пайдалану депосының машинист көмекшісі Алмас Арынов өзі қызмет ететін депо тарихы туралы «Темір жолы – өмір жолы» атты кітап шығарды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Қарағандыда арнайы лицейде машинист көмекшісі мамандығы бойынша білім алған Алмас – ордабұзар отыздан енді асқан жас жігіт. Балқаш локомотив депосында 2010 жылдан бері еңбек етеді. Пандемия басталған кезде бос уақытында кітап оқып, білімін жетілдіруді көздеген ол қаладағы кітапханаға бас сұғады. Әдеби кітаптардан бөлек жалпы Қазақстанның, оның ішінде Балқаш теміржолының тарихы туралы кітап іздейді.


– Қазақстанның темір жол тарихы туралы үздік-үздік дүниелер тауып оқыдым, бірақ таң қалғанның, Балқаш теміржолы туралы жазылған ештеңе таппадым. Музейлерден журналдар ғана кездестім, оның өзі 2010 жылдан бергі тарих. Колледждерде не оқытады деп те сұрадым. Содан Балқаш темір жолы, депо тарихын жинақтап, кітап шығару туралы ойымды деподағы нұсқаушыға айттым. Басшылар сеніңкіремесе де бегімді қайтармай, несі бар, бастап жатсаң қолдайық десті, – дейді Алмас.

Осылайша қарапайым машинист көмекшісінің кітап шығарудағы қызық та кедергіге толы қадамы басталып кеткен. Алдымен ол депода еңбек еткен зейнеткерлерді іздеп тауып, естеліктерін жазып алып, дерек-дәйектер, фотолар жинақтапты. Қалыбек

Саттарұлы сынды бұрынғы басшылар ақпарат жинауға қолдау көрсеткен. Алмастың бастапқы ойы Балқаш-Мойынты-Саяк теміржолының тарихын жазу еді. Алайда үш өңірді шарлап жүріп, ол бұл ауқымда кітап жазу күрделі боларын түсінеді.

– Саяққа резервке сұранам, көбі түсінбейді, мынаған не болды дегендер де болды. Біраз адамдарды естелік айтуға да көндіру оңай болмады. Мойынтыға да бардым. Түрлі теміржолшылармен кездестім. Тіпті тірлігіме күле қарағандар да көп болды. Бірақ мен де алға қойған мақсатымды соңына дейін жеткізу ойымнан танбадым. Ойлана келе тек Балқаш локомотив депосы туралы кітап жазуға бел булдым. Себебі ең көп ақпарат депо туралы жинақталған еді, – дейді машинист көмекшісі.

Алмас одан әрі жазылған кітапты әдеби редакциялап, өңдейтін журналист табады, сосын кітаптың алғашқы түпнұсқасын басшыларға көрсетіп, артық-кемін алып қосады да, баспахана, сосын демеуші іздеуге кіріседі. Депо тарихы туралы тың деректер жинау үшін оған мәдениет бөлімі арқылы архивтерге кіруге рұқсат беріледі. Міне, сонда ғана оның еңбегін бағалаған біраз адам демеушілік жасайды. Елордаға келіп «ҚТЖ-Жұк тасымалы» ЖШС басшыларына да жолыққан. Сол кездегі бас-



шылардың бірі Иван Костыря кітапқа алғысөз де жазып берген. Пандемия кезінде жазылған еңбек осылай кітап болып баспадан шығады.

– Кітапқа Балқаш депосының тарихы, локомотив бригадаларының жұмысы, депода қызмет еткен кешегі-бүгінгі машинистер әулеті, т.т. енгізілді. Қарағандыдан баспахана тауып, бір кітапты 12400 теңгеден, 35 данасын шығардық. Талпыныс бізден болды, қалғаны – көптің көмегі. Менің таудай талабыма сенім білдіріп, көмегін аямаған Балқаш қаласының әкімі Ораз Тауырбектен бастап, Рамазан Мақаев, Қалыбек Адамбаев, Дулат Ахмадиев, Мұрат Мұқатаев, Бауыржан Алтынбеков, Жаржан Жүнісов, Оразбек Дауылбаевқа, Эдуард Хегай, Медег Әлімқұлов, Асхат Нұрқасымов бастаған теміржолшыларға, деподағы барлық әріптестеріме алғысымды білдіремін, – дейді А. Арынов.

Кітаптың түсаукесері Балқаш қаласында С. Сейфуллин атындағы кітапханада биыл 7 сәуірде өтеді. Оның бірнеше данасын Алмас теміржол кітапханалары мен музейлерге таратып берген.

Суретті түсірген автор

КАНИКУЛЫ В МУЗЕЕ



В рамках объявленного Президентом Казахстана Касым-Жомарттом Токаевым 2022 года Годом детей и празднования 25-летия АО «НК «Қазақстан темір жолы» для столичных школьников была организована экскурсия в железнодорожный музей центрального офиса компании.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нұр-Сұлтан



Около 30 ребят ознакомились с экспонатами музея. Им было очень интересно узнать что-то новое из истории железнодорожного транспорта. Школьники наперебой задавали вопросы, хотели понять,

как работала и менялась железная дорога со времен первых паровозов до нынешних дней с применением самых современных технологий. Менеджер АО «Казпрофтранс» Акмарал Молдашева ознакомила

юных посетителей с историей возникновения и развития железной дороги в Казахстане.


Ребятам понравилось, что во время экскурсии можно было потрогать личные вещи почетных работников магистрали, макеты, рассмотреть в мельчайших деталях типы паровозов и тепловозов, значки железнодорожной тематики, модели локомотивов и вагонов. Впечатлил детей звук железнодорожного колокола, рельсы. Ознакомились дети и с разными железнодорожными профессиями, узнали об их важности, значимости и престиже.

Родители от души выразили благодарность организаторам за то, что дети во время каникул смогли так полезно разнообразить свой досуг.

– Мне было очень интересно абсолютно все, потому что это необычный музей. Здесь вся железная дорога как на ладони. В одном месте можно увидеть, какими были поезда раньше, какими стали сейчас. Можно представить себя железнодорожником и проверить рельсы по звуку. В общем, этот день каникул у меня был особенным, – говорит 13-летний Малик Бердибеков.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КУРЫК – В ПРЕМЬЕР-ЛИГЕ «ЖАЙДАРМАН»



Команда сотрудников порта Курык приняла участие в фестивале «Маусымашар-2022» в столице и получила путевку в премьер-лигу «Жайдарман».

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

«Жайдарман» – одна из самых популярных игр среди молодежи на сегодняшний день. Это не только игры КВН с миллионными зрителями, но и многофункциональная воспитательная площадка.

В фестивале «Маусымашар-2022» приняли участие 170 команд, а это более тысячи кавээнщиков со всех уголков страны. В команде Курык – шесть сотрудни-

ков порта: Бегей Камидоллаев, Асланбек Абдрашид, Данияр Даригуль, Куаныш Бисемби, Алдияр Нияз и Нурсултан Якуб.

Участники отмечают, что преследуют цель привлечь внимание молодежи к морской отрасли, сформировать у молодого поколения правильные ценности, развиваться и защищать честь страны.

Искрометный юмор на актуальные темы позволил команде порта пробиться в премьер-лигу, игры которой пройдут в Шымкенте.

В рамках фестиваля на стадионе «Астана-Арена» состоялся благотворительный футбольный вечер с участием столичного любительского клуба SD Family и команды «Жайдарман», в составе которой играл работник паромного комплекса Куаныш Бисемби.

Кроме того, для участников провели тренинги, интервью и подкасты, а также конференцию с известными медийными деятелями.

Спорт

СВОБОДНЫМ СТИЛЕМ
К ПРИЗОВЫМ МЕСТАМ

Қарағандинские железнодорожники заняли призовые места в лыжном марафоне.

Светлана МОГАЙ,
Қарағанды

Всего в соревновании, проходившем в Каркаралинске, приняли участие около 100 человек из разных городов Казахстана. Дистанция для женщин составляла 15, а для мужчин – 30 километров. По словам машиниста Караган-

динского эксплуатационного локомотивного депо Мадета Абикина, спортсмены использовали передвижение в коньковом свободном стиле.

– Этот стиль подразумевает самостоятельный выбор способа прохождения дистанции. Стоит отметить, что классический ход существенно уступает свободному в скорости, –



рассказывает Мадет Абикиен.

Благодаря спортивной подготовке, приобретенной за долгие годы, машинисты Карагандинского эксплуатационного локомотивного

депо Николай Куяниченко и Мадет Абикиен сумели показать хорошие результаты – они заняли третьи призовые места.

Фото автора

ТРИАТЛОН СТАЛ ВСЕПОГОДНЫМ

Атлеты АО «НК «ҚТЖ» приняли участие в Tri Indoor-2022. Железнодорожники максимально выкладывались на дистанциях, проявляя большую силу воли и упорство.

Айлин БАУРЖАН,
Нұр-Сұлтан

Общественное объединение «БЕЗ-ГРУНИЧНЫЕ» совместно с руководством фитнес-комплекса «Life Fitness» провели двухдневные соревнования по любительскому Indoor триатлону. 80 спортсменов со всего Казахстана испытали свои силы в трех дисциплинах: плавании, велосипедом и бег, объединившиеся в едином виде спорта – триатлоне.

Indoor Triathlon – разновидность триатлона, придуманная специально для межсезонья. Плавание здесь происходит в бассейне, велосипед – на



велосипедном тренажере, а бег – на беговой дорожке. Все этапы нужно пройти за 60 минут. Тем не менее, это самые настоящие соревнования с профессиональным судейством, наградами и сертификатами.



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



КАЗКӨЛІККӨСП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынғып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жанария Сидыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Астана: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.